

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY



Қаражігітова Клара Нұрмағанбетқызының 80 жылдығына арналған
«МҰҒАЛІМ БЕЙНЕСІ – ҰЛТ МӘРТЕБЕСІ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ
международной научно-практической конференции
«УЧИТЕЛЬ – ВЫСОКОЕ ПРИЗВАНИЕ»
посвящённой 80-летию Каражигитовой Клары Нурмаханбетовны

A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES
of the international scientific-practical conference
«THE TEACHER IS HIGHER VOCATION»
which dedicated to the 80th anniversary of
Karazhigitova Klara Nurmakhanbetovna

II БӨЛІМ

Шымкент-2019

АҚЫНДЫҚ ПЕН АЙТҚЫШТЫҚТЫ ҰШТАСТЫРҒАН ДАРЫН

Өскенбаева Жадыра

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық – музейінің ғылыми қызметкері.

Шәуілдір селосы. Қазақстан.

Резюме

Омарский поэт - великий мастер искусства, имеющий уникальный след в казахской поэзии, который помнит обилие летописей, рассказов и изобретательного словарного запаса.

Summary

Omarsky poet is a great master of art, having a unique trace in Kazakh poetry, who remembers the abundance of chronicles, short stories and inventive vocabulary.

Әдебиет тарихында Қаратаудың күнгейі мен теріскейін тең жайлап, ғұмыр кешкен Омар ақынның әдеби мұрасын алғаш жинаушы Исақұл Ақылов пен зерттеуші ғалым Рахманқұл Бердібаев болды. Фольклоршы ғалым Рахманқұл Бердібаев «Қазақ әдебиеті» газетінің 1976 жылғы 22 қазандағы санында жариялаған «Халық мұрасы-қымбат қазына» деген зерттеу мақаласында шымкенттік фольклор жинаушы Исақұл Ақыловтың Оңтүстік Қазақстанның сөздері жиналмаған ақын, шешендерінің мұрасын жинаудағы елеулі еңбегін атай келіп, бұл рухани мұраны оның түгелдей Шымкент облысының Қызылқұм ауданы, «Шәуілдір» совхозында (қазіргі Түркістан облысы, Отырар ауданы, Көксарай ауылы) тұратын Бәйімбетов Омар ақсақалдың ауызынан жазып алғанын айтады. Ал, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 1978 жылғы 8 қыркүйектегі санында жарияланған «Омар ақын» деген мақаласы түгелдей ақынның шығармашылық өміріне арналған. Ғалым бұл зерттеу мақаласын кейін, 1983 жылғы Алматының «Мектеп» баспасынан

жарыққа шыққан қазақ ауыз әдебиетінің мәселелеріне арналған «сарқылмас қазына» жинағына енгізді. Исақұл Ақылов Омардың ауызынан жазып алған «Омар мен Теңгештің айтысы» деген дерегінде: Омар суырып салма ақын, жасының егделігіне мүгедектігіне қарамай, әлі зейінді парасатты, қуатты, таза жинақты жүретін адам екен. Айтқан өлең-жырынан көп жаңылымайды, жиі қайталамайды, жаздырған жырларынан әбес кеткен жол, шумақтарын тез де, дәл сезіп, қолма-қол жөндеттіріп, түзеттіріп отырады. Кем сөзді мінезі ауыр, сабырлы жан екен. Аз сөйлейді де, саз сөйлейді екен. Алталап бірге болып, тұз-дәмді бірге татысып, мейіріміз қанғанша әңгімелесіп, пікір алысып жүріп, әр түрлі жанырдағы толғау, дастан, айтыс, терме, арнау, жеке шумақтардан, он бес-жиырма түрлі көне ауыз әдебиетінің үлгілерінен 3800 жолдан көбірек жыр-өлеңін, жиырмадан аса, отызға таяу ақындардың айтысын қағаз бетіне түсіріп жазып алдық. Ақындардан, мәселен Құлыншақ Кемелұлы, Қалымбет, Мыңбай, Санбай, Өтебақ, Қожамжар, Байсақал, Қайдау, Бекжан қыздардан Теңгеш, Жайсан, Наркүміс, Нұрила, т.б», - деп Омардың адами-шығармашылық, портретін жасайды. Фольклор жинаушы Исақұл Ақыловтың 1976 жылғы мамыр айында «Омар ақын», 1977 жылғы 29 шілдеде «Омар мен Теңгештің айтысы» деген тақырыптарда Омар Бәйімбетұлының өз ауызынан жазып алған ақынның өмірбаяндық, шығармашылық деректеріне қарағанда Омар Бәйімбетұлының 1898 жылы Түркістан өлкесінің Сырдария облысы, Түркістан уезінің Көкшекұм болысының Қозмолдақ-Сызған деген жерінде (қазіргі Созақ ауданының Сызған ауылы) көп балалы, орта дәулетті отбасында туған. Ақын ата-тегін Теңгеш қызбен айтысында былай тарқатады:

Арғы атам Мерген, Төлеу-ер дуалы,

Оспан мен Құдайберген дейді тағы.

Қоқыбай мен Бәйімбет әкем аты,

Тәңірқұл өзім Омар білсең әні.

Омар балғын балалық, жасөспірім шағын, орда бұзар отызын өткізген туған жері-жер жаннаты Қозмалдақ-Сызғаннан сол замандағы қоғамдық формация душар еткен тұрмыс тапшылығының зардабымен 1929-1930 жылдары сулы жер, ұйысқан ел деп Шәуілдір ауданына көшіп келіп (қазіргі Отырар) алғашқылардың бірі болып, колхозға кіріп, ұжымның белді де белсенді мүшесі болады. Шәуілдір каналын қазуға қатысады. Колхозда озат мақташы-стахановшы атанады[1].

Омар ақынның 1929-1930 жылдары Созақ ауданынан Шәуілдір (қазіргі Отырар) ауданына көшіп келуінің негізгі объективтік жағдайы мынау: кезінде Өзбекстан Республикасы мен Қазақ ССР-ның Су шаруашылығы министрі қызметін атқарған әйгілі маман Сарықұлұлы Дүйсенқұлдың «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 29-маусымдағы «Арыс суын байлау керек» деген мақаласында: «Түркістан уезі мен Шілік болысының ортасынан Арыс дейтін өзен ағады. Өзеннің екі жақ беті егіске қолайлы, өнімді көп беретін жер. Бірақ ол өзен байланбаған соң суы жоғары көтерілмейді, су іше алмайды. Биылғы жылғы болып өткен Шілік болысының 14-ші съезінде елден келген өкілдер «Арыс суын байлау керек. Сонда ғана халықтың шаруашылығы артады» деп

съездің қарарында болыстың, уездік кеңес комитетіне тапсырып еді. Бірақ ол тілек орындалмай, іс жүзеге асқан жоқ. Басшылық қылып, өзенді бойлаған азамат болған жоқ», -деп жазылған болатын. Бірақ кейін, 1930 жылы елден ондай азамат шығып, халықты ұйыстырып, канал қазып, Арысты бойлап су шығарып, егіс ектіріп, колхоздар құрып, Отырар даласын абаттандырып, Шауілдір ауданын құрған болатын. Бұл жергілікті басшы Дүйсенбай Алтынбеков болатын. Бұл туралы журналист Б. Березский «Правда» газетінің 1935 жылғы 23 қазандағы санында жарияланған «Родная земля» деген мақаласында былай деп тебірене жазды: «А. Дюсенбай уже снова был в Шаульдерс. Он собирал первый съезд Шаульдерских аулов, вымерял долину и направление будущих арыков, планировал роселки. В мечтах он уже видел на этой скупой и бесплодной земле большие, благоустроенные села. План был такой: перегородить Арысь плотинами, провести в долину на 25-30 километров арыки и дать по ним воду бесплодным полям. Главный канал длиной в 31 километр, копали всю зиму и закончили в марте. Тогда же построили временную плотину. Вода пошла. Какой радостный это был день! Казачки одели свой лучшие праздничные платья. Народный певец Шахаш Садвакасов сложил песню о первой победе.»

Ұлы Отан соғысы жылдары патриот ақын «Трудовой-Еңбек армиясы» қатарына алынып, алғашқыда Орал тауындағы аса маңызды құпия, әскери заводта, кейін денсаулығына байланысты Теміртауға ауыстырылып онда ағаш дайындаушы болып жұмыс істейді. Омар ақын өмірінің осы кезеңі туралы сәлем хат түрінде жазылған «Омар ақынның өз өмірі жайлы толғауы» деген өлеңінде:

Міндетімді ақтадым,
Кешегі өткен соғыста.
Трудовойға аттандым,
Теміртау деген жер екен,
Сол жерге апарып тасталдым.
Аштан өлген көп екен,
Қорғай алмай бас қамын.
Бір балта мен бір ара,
Қолыма тиген аспабым.
Аспаннан басқа тесік жоқ,
Тіреліп тұрған қарағай,-

деп Отан алдындағы міндетін өтеу үшін соғыс жылдары еңбек батальонына барғанын, ондағы өзінің еңбек қарқынын, соғыс жеңіспен аяқталған соң, елге келіп колхоз-совхоз қойын баққанын баяндайды. Яғни, Омар Советтік кезеңнің барлық саяси-әлеуметтік экономикалық тақсиретін тартқан ақын.

Омар ақынның өмірбаянына қарағанда оның өмірге келген, өмір сүрген уақыты Қазақстанның қилы-қилы тарихымен тұспа-тұс келген. Ақынның туған өлкесі Оңтүстік Қазақстан Қоқан езгісінен босап, Ресей империясына қараған. Қазақстанның соңғы аймағы екені тарихтан мәлім. Оңтүстік қазақтары

орыстардың бодандық бұғауына түскен соң, жарты ғасыр өткенде Ресейде Қазан төңкерісі болып, «Совет үкіметі» деген атпен Қызыл империя орнады. Бұл үкімет тұсында көтерілісшілердің «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалайды» деген уәдесі орындала қойған жоқ. Азамат соғысы, аштық, саяси қуғын-сүргін, Отан соғысы, соғыстан кейінгі экономикалық қиыншылық-бәрі Омар ақынның халықпен бірге көрген тақсиреті болды. Бұл Омарды тудырған дәуірдің тарихи жағдайлары.

Үлкен фольклоршы ғалымның фольклор жинаушылардың жұмысына ғылыми тұрғыдан осынша маңыз беріп, жинастыру жұмысына қатысты методикалық әдебиеттермен қамтамасыз етіп, экспедициялық-іссапарына жергілікті партия, совет органдарының көмек беруін міндеттейтін куәлік бергізуінің арқасында бір ғана Исақұл Ақылов жазып жіберген өлең мағлұматтарының өзі он мың жолдан асқан. Бұл бір іздеушіге де, зерттеушіге де аз олжа емес екені белгілі. Рекең Исақұл секілді фольклор жинаушыны кездейсоқ кездестірген жоқ. Исақұл Ақылов 1930 жылы Шымкенттегі педагогтік техникумда, 1939 жылы Ташкент заң институтын, 1956 жылы мұғалымдер институтын бітірген, отыз сегіз жылдай оқу ағарту, заң қызметтерінде болып, майор дәрежесінде отставкаға шыққан, өмірлік таным-тәжірибесі мол білімді зиялы кісі болған. Атақты батыр, қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлымен әскери борышын бірге атқарған. Оның кітаптарына бірнеше рецензия, батырға арнап «Бауыржан-наме» деген поэма жазған. Хат-хабар алысып тұрған. Бауыржан Момышұлының Исақұл Ақыловқа жазған хатының бір мәтіні мынау: «Мәшһүри Катта дамулла, Исаке, қарағым балалар, хатыңды алдым. Жаңа жылмен құттықтаймын. Жаңа тілекке, жаңа ниетке сау-саламетпен, қуанышпен жетулеріңізді жаратқаннан сұраудамын. Қамбар екеңе, Кениямға, олардың бала шағаларына менен сәлем әм құттықтау жеткізерсіз. Шерханға айттым. Қызыл құдаңнан хабарым жоқ. Өз қалым без перемен. «Ұшқан ұя» түзетулер, қосымшалармен баспаға (в производстве) дайындалып жатыр[2].

Исақұл 1976 жылғы 17 тамызда Рахманқұлға жолдаған алтыншы хатында 30 шумақ, 120 жолдан тұратын Омардың Жайсаң қызбен бәдік айтысын және Омар ақынның жас кезінде отызға келгенше кедейлік салдарынан үйлене алмай, қыз қарап айттырып жүргенде жазған 8 шумақ, 36 жол өлеңін жібергенін хабарлайды. Бәдік айтысын Рахманқұл Бердібаев «Сарқылмас қазына» (1983) кітабында : «Айтыстың өзгеше бір түрі-бәдік айтысы десек, соның сәтті, толық үлгісін Омардың Жайсаң қызбен айтысынан көреміз. Бәдік айтыстың нышанын, ерекшелігін таныта алатын бұл шығарманы құнды мұра қатарында атауымыз керек», -деп бағалапты. Омар 1925 жылдары Түркістан қаласының шығыс жағындағы Ленин поселкесінде тұратын құдасы божбан Қылышбай болыстың інісі Пәрікүлдың үйіне тойға барады. Тойға Түркістан стансасынан Жайсаң деген бір ақын қыз шақырылған екен, бәдік айтысы болады. Қыздың тұсына Омар да келіп отырады. Дәстүр бойынша мейман, құда деп өлеңнің кезегін Омарға береді. Теріскей мен Күнгейдің суырып салма майталман ақындарының айтысы нағыз өнер деңгейіне көтеріледі. Тыңдаушы жұрт риза болады. Айтыс

айтыскерлердің сыпайы, уәжді жауаптасуларымен, басталып, қыз бен жігіт арасындағы сайыстың пәрін ашатын дәстүрлі, жарасымды өткір әзіл-оспаққа жалғасады. Мәселен, Жайсаң:

Бәдік айтпай кейжігіт қашқақтайды,
Бәдік көшпей құмарым тарқамайды.
Кәдімгі айтып жүрген бәдік болса,
Құдалардың біреуі арқалайды, - десе, Омар:
Қыз көргенді адам жоқ аңсамайтын,
Жақындасам ары қарай шалқалайсың.

Арқаласаң бәдікті Сіз арқала,
Жотаңыз тәуір екен шаршамайтын, - дейді. Сонда Жайсаң:

Әжептеуір бала екен пішімдерің,
Мынау айтқан сөзіңе түсінбедім.

Денең бар деп бәдікті бізге аударып,

Сондай-ақ, бізден гөрі кіші ме едің, - деп уәжді жауап қайтарады. Бәдік айтысы түн жарымына жақындағанда бір келісті келіншек орнынан ұшып тұрып, қыз бен жігітке рахмет айтып, бәдікті қысқартайық, шиеленісіп кетпесін, енді өлеңге көшейік дейді. Сонда Жайсаң қыз:

Қатты кесек деген соң, қатты кесек,

Үстіне қатты кесек, жайдым төсек.

Бәдігінді қой дағы өлеңінді айт,

Енді бәдік айтқанға шықсын шешек, - дегенде Омар:

Жоғарыны жайқадым, төменменен,

Өлеңнің жүйрігі едім бөгелмеген.

Бәдікті ортамыздан айдап тастап,

Тамашалап тарқайық өлеңменен, - деп жайсаң мінезді Жайсаң қыздың ұсынысын қабыл алып, айтыс ұрыс-жанжалсыз, татулық мәмлемен аяқталады[3].

Айтыскерлердің қарымына қарағанда Омар да, Теңгеш пен Жайсаң да кезінде Қаратау атырабына атақ-даңқы жайылған ақындар болған деуге болады. Жанат киіп, ауыл аралап қалыңдық іздеу-қыз көру, қыз тандау, қыз қарау, қыз айттыру қазақтың ежелгі дәстүрлі жөн-жосығы десек, Омар ақын да бойдақтықтың осы дәуренін басынан өткізген. Ақын қыз көріп жүргенде жазған өлеңінде:

Жасымда әркім айтты баласың деп,

Қызықтан ерте үйленсең қаласың деп.

Алдында орда бұзар отызың бар,

Сол кезде өзің тандап аласың деп.

Отыздан осы уақытта асып тұрмын,

Азуда тісті шалып басып тұрмын.

Кездесіп бір тәуір қыз қалама деп,

Жан-жаққа ұзын хабар салып тұрмын, - деп өзінің отызға дейін үйленбей жүруінің себебін айтты[4].

Омар ақын - қазақ поэзиясында өзіндік қайталанбас ізі бар, шежіре, әңгімелер мен тапқыр шешен сөздердің мол шоғырын есінде сақтап, ақындық пен айтқыштықты ұшырастырған үлкен өнер иесі. Ол қазақ елінің дербестігін аңсаған, рухани жыр мұраларын әлемдік әдебиет қорына қоса білген ұлт мақтанышы. Сондықтан да Омар ақын күллі түркі жұртына ортақ, тұғыры биік тұлға ретінде мәңгі тарихта қала берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Р.Бердібаев, «Халық мұрасы-қымбат қазына». «Қазақ әдебиеті» газеті, 22 қазан, 1976 жыл
2. Б.Момышұлы. 24.12. 1973 жыл. Алма-Ата.»
3. «Дарынға тәлім керек». Социалистік Қазақстан», 11.09.1977жыл
4. «Хранитель фольклора». Вечерняя Алма-Ата», 21.10.1977г

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ БҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Кемелова Қ.Ш.

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі, Шәуілдір селосы. Түркістан облысы.
Қазақстан.

Резюме

В статье анализируются украшения, которые легли в основе всех видов украшения, образованном в древние времена казахов и типы украшений.

Resume

The article analyzes the ornaments which were the basis in all types of decoration formed in the remote times of Kazakhs and the types of the ornaments.

Қазақ ою-өрнегі өте ежелгі замандарда пайда болып біздің заманымызға келіп жетті. Бүгінгі таңда кейбір көне өнер түрлері жоғалып кетсе де, мәдени мұраларымыздың ішінде толық сақталғаны осы ою-өрнек ісі деуімізге болады. Тарихи этнографиялық зерттеулерге қарағанда, ою-өрнек ісі жазу-сызу шыға қоймаған ерте заманда өз ойын тасқа, сүйекке, ағашқа ойып қашап түсірумен қатар, о баста өзін қоршаған табиғатқа табынудан, жан-жануарлармен аң-құстарды, күн, ай, жұлдызды тағы басқада қасиетті көрудің, табынудың негізінде шыққан. Демек, бұдан біз қазақ халқының ою-өрнек өнері де осы тұста басталғанын білеміз. Ою-өрнектің даму барысына зер салсақ, халқымыздың өткен өмірінен әрбір тарихи дәуірдің таңбасы байқалады. Ғылымда халқымыздың қол өнерінің зерттеу ісінің басталғанына бір ғасырдан аса уақыт өтіпті. (1) Содан бері қол өнерге қатысты мәселелермен көптеген ғалымдар айналысып келеді. Өнер тану тарихында қазақ қол өнерін аса талантты энциклопедист, этнограф ғалым Ш.Уәлиханов айналысты десек, бұрынғы кеңестік дәуірде С.И. Руденко, А.П. Шнейдер т.б. ғалымдар мен өнер зерттеушілер шұғылданды: қазақ ғалымдарынан Ә. Марғұлан, Т.Бәсенов, С. Қасиманов, Ә. Масанов, Д. Шоқпарұлы, Ө.Жәнібеков, Ш.Тоқтабаева, Х.Аргынбаев т.б. ғылыми еңбектерінде көпшілік оқырмандарға арналған кітаптарынан дәстүрлі қол өнеріміздің тарихын, дамуын, болашағын, ұлттық ерекшеліктерін оқимыз.